

10-сынып 1-тур

1. Оқылым. Мәтінді оқыңыз, мәтіннен кейін берілген тапсырмаларды орындаңыз.

Халық Абайды ғана емес, әкесі Құнанбайды да қатты құрметтеген екен. Құнанбай Өскенбайұлы өзі өмір сүрген ортасында өте беделді, асқан абыройлы адамның бірі болады. Өз заманында атақ-даңқы шартарапқа, бүкіл дала өңіріне кең жайылады. Ақыл сұрап, әділдік іздеген қазақтар оған елдің әр түкпір-түкпірінен толассыз келіп жатады, себебі ол іскер, әділ жан болған. Табиғат оған ерекше мықты ақыл, ғажайып ес және жүйрік шешен тіл берген. Бұл қасиеттері Құнанбайды әділ би атандырады. Дала заңдарын, үкімет жарлықтарын, Құран қағидалары мен небір шежірелерді жетік білетін әрі оны жатқа айтатын ділмар етеді. Сол себепті жұртшылық Құнанбайды қатты қадірлеген, құрметтеген.

Құнанбай 81 жыл ғұмыр кешкен. Өзінің ұзақ та өнегелі өмірінде көптеген игілікті іс тындырған. Қалың жұрты оны сол кездің өзінде-ақ «қарадан шыққан хан» санап кеткен. Өйткені, ол сол заманның өзінде қарапайым қазақтың баласы бола тұрып, аға сұлтандыққа сайланады. Аға сұлтандық – беделді, жоғары лауазым, ел басқаратын қызмет. Ол кезде сұлтандыққа орыс ұлықтары (чиновник) сайлайтын болған. Себебі ол кезде қазақ елі Ресей патшалығының қарамағында еді. Сұлтан болу әркімнің қолынан келе бермеген және сұлтандыққа кез келген адамды тағайындамаған. Сөйтіп Құнанбай сұлтан өз өмірінің соңына дейін ел басқару, билік айту ісіне тікелей де, болыс балалары арқылы да араласып отырған. Сол кезеңде Құнанбай Өскенбайұлы салдырған Қарқаралыдағы мешіт те, Меккедегі «Тақия» қонақүйі де қазірге дейін сақталған. (203 сөз)

Б. Майтанов

Оқылым тапсырмалары.

1. Берілген сұрақтарды мәтін мазмұнына сәйкес ретпен (бірізділікпен) орналастырыңыз.
 - А) Қандай қасиеттеріне қарап Құнанбайды «Әділ би» атаған?
 - Ә) Аға сұлтандық қандай қызмет?
 - Б) Құнанбайдан қандай ескерткіштер қалған?
 - В) Құнанбайдың «қарадан шыққан хан» саналуының себебі неде?
2. Мәтінде берілген мәліметті қайда қолдануға болады?
3. Мәтінге қатысты қосымша ақпарат келтіріңіз.
4. Мәтінге тақырып қойыңыз.

Оқылым тапсырмаларына 30 минут уақыт беріледі.

2. Жазылым. Берілген тақырыптардың бірін тандап, эссе жазыңыз.

1. Атымды адам қойған соң...
2. Таза мінсіз асыл сөз
3. А.Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы
4. Өзге елде сұлтан болғанша...
5. Шешеннің сөзі – шамшырақ

Эссе жазуға 50 минут уақыт беріледі. Жұмыс көлемі –1-1,5 бет.

Эссеге қойылатын талаптар:

- Эссе құрылымының сақталуы
- Оқушының жеке көзқарасын білдіруі
- Тақырыпты өмірмен байланыстыруы
- Ұсынылған тезистердің нақты дәлелдемелермен дәйектелуі (аргументтер)
- Тақырып бойынша ой жүйесі; мағыналық тұтастық
- Сауаттылық (пунктуация, орфография, логикалық заңдылықтың сақталынуы).